

«Маңғыстау техникалық колледжі» МКҚК
Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жөніндегі жиналысының
Хаттама

Сағат: 09:00

Қатысқандар; Оқытушылар, студенттер.

31.08.2023 жыл

КҮН ТӘРТІБІНДЕ

Маңғыстау техникалық колледжінің «Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оған қарсы іс-қимыл» үлгілік базалық бағыты және сыбайлас жемқорлық сипатындағы құқық бұзушылықтарды болдырмау туралы.

Тындалды: Басшының тәрбие жұмыс жөніндегі орынбасары м.а. І.Қойшыбек Сыбайлас жемқорлыққа қарсы бекітілген жоспарына сәйкес квазимемлекеттік субъектілері қызметкерлері мен студенттерге жұмыс барысында сыбайлас жемқорлыққа жол бермеу және алдын алу туралы түсіндірме жүргізілді. Сонымен қатар, Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы № 410-V ҚРЗ Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы Заңына сәйкес түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

Яғни, осы аталған заңның 5-бабына сәйкес Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың мақсаты мен міндеттері, оның ішіндегі

1. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың мақсаты қоғамда сыбайлас жемқорлықты жою болып табылады.
 2. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мақсатына қол жеткізу:
 - 1) қоғамда сыбайлас жемқорлыққа төзбестік ахуалын қалыптастыру;
 - 2) сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін жағдайлар мен себептерді анықтау және олардың салдарларын жою;
 - 3) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл субъектілерінің өзара іс-қимылын нығайту;
 - 4) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі халықаралық ынтымақтастықты дамыту;
 - 5) сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды анықтау, жолын кесу, ашу және тергеп-тексеру міндеттерін шешу арқылы іске асырылады.
- Сонымен қатар, қызметкерлер мен студенттерге сыбайлас жемқорлық қылмыстық әрекеттер жасаған адамдарға заңда көрсетілген жауапкершіліктер қолданылатын туралы айтылды. Алдын алу - профилактикалық жұмыста да жүйелік жоқ. Осы орайда сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті орган үшін қылмыстық қудалауға қарағанда, сыбайлас жемқорлық көріністерінің себептері мен жағдайларын айқындау мен жоюға бағытталған алдын алу шараларын әзірлеу және қабылдау басымдық болуы тиіс.

Жемқорлық қазіргі танда еліміздің экономикасына кері әсерін тигізіп жатқан үлкен мәселердің бірі. Кез-келген адам өз құқығын білу керектігін және барлық заңдарды жетік білу керектігін көрсетті. Барлық қызметкерлерге осы жиналыс арқылы әр адам Жемқорлыққа жок деп айта алатындай сауатты және саналы болуы керек.

«Маңғыстау техникалық колледжі» МКҚК қызметкерлеріне сыбайлас жемқорлыққа мүмкіндік туғызатын жағдайларды алдын алу және сыбайлас жемқорлыққа мүмкіндік туғызатын себептерге жол бермеуі және осындайда бір мүмкіндік туғызатын себептер анықталған жағдайда тиісті органдарға немесе басшылар тарапына хабарлауы тапсырылды.

Басшы м.а.



Б.Шанкенова

Тәрбие жөніндегі

орынбасары м.а.



І.Қойшыбек